











Жүйеде жазбаның екі түрі бар: **тұлға** және **пайдаланушы**:

- бірінші рет кіруге арналған пайдаланушы атымен құпиясөзді пайдаланып, тіркеу процессін өтпеген бірақ жүйеге енгізілген қатысушылар – **тұлға** деп аталады.
- тіркеу процессін сәтті аяқтаған қатысушы – **пайдаланушы** деп аталады. Әр пайдаланушының жүйеде жеке парақшасы бар, бұл парақшада пайдаланушы туралы ақпарат және онымен қарым-қатынас құралдары берілген.

«Әкімшілік ету» – «Адамдар тізімі» бөлімінде пайдаланушылар Аты-жөнінің сол жағында порталдың сурет белгішесімен  белгіленген.

Аты-жөні жолағы - бұл деректерді өңдеу режиміне кіру сілтемесі, сондай-ақ толық атаудың оң жағында орналасқан қарындаш белгішесі.

АТЫ-ЖӨНІ	Лауазым/Санат	Сынып	
 Алиева Абиба Искандеровна	Оқушы	5-а	
 Алиева Индира	Оқушы	5-а	
 Алимов Искандер	Мұғалім, Ата-ана	1-ә	
Алимова Асель Искандеровна	Оқушы	6-а	
 Алимова Марьям	Ата-ана		

Қатысушының деректерін жою, егер пайдаланушы тіркелмеген болса ғана мүмкін болады. Пайдаланушыны жою мүмкін емес. Оны тек ұйымнан шығаруға болады, яғни «Мұрағатқа» көшіру мүмкіндігі.

Тұлғаны жою үшін:

- «Адамдар» блогындағы «Адамдар тізімі» пунктіне басу;
- деректерді өңдеу режиміне кіру үшін қажетті қатысушының аты-жөніне қарама-қарсы «қарындаш» белгішесін басу немесе қатысушының аты-жөніне басу. Қатысушының парағы «Деректер» қойындысында ашылады;
- «Тұлғаны жою» батырмасын басып, жоюды растау қажет.

Ескерту: тұлға құрылған сәттен бастап, оны тек 48 сағат ішінде ғана жоюға болады. 48 сағат өткеннен кейін тұлғаны жою барысында ол «Мұрағатқа» өтеді.

Пайдаланушыны мектептен шығару үшін:

- пайдаланушы парақшасында «Қарап шығу» қойындысына өту;
- экранның оң жағындағы «Мектептен шығару» сілтемесіне басу;

- шығу себебін көрсету (қажет болған жағдайда оқушының шығаруға бұйрықтың күнін, түрін және нөмірін көрсетуге болады);
- «Әрі қарай» батырмасына басу;
- «Иә, шығару» батырмасына басу арқылы шығаруды растау қажет.

Қатысушы шығару кезінде **«Нақты»** немесе **«Қате салдарынан»** шығару түрін таңдау қажет:

- **«Нақты» типі** білім алушының мектепте көрсетілген күнімен шығатынын білдіреді. Мұндай жағдайда нақты шығу күнін енгізу қажет болады.
- **«Қате салдарынан» типі** білім алушының мектепте ешқашан оқымағандығын және парақшаға қате салдарынан енгізілгендігін білдіреді. Шығу күнін енгізу қажет емес.

Ата-ананы оқушының парақшасы мен ата-анасының парақшасы арасындағы туыстық қатынасты жою арқылы ғана ұйымнан **шығаруға болады.**